



200 2012 ж. 31 мамыр
Астана қаласы

№ 2

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің қабылдануына және сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

I. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мына нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының 1983 жылғы 29 наурыздағы № 3 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістерімен бірге «Әке болуды анықтау және әке болуды тану фактілері жөніндегі сот тәжірибесі туралы» Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының 1971 жылғы 30 қыркүйектегі № 7 нормативтік қаулысына:

1) кіріспеде «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң)» деген сөздер «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) нормативтік қаулының бүкіл мәтіні бойынша «Заңның» деген сөз «Кодекстің» деген сөзбен ауыстырылсын, «неке» деген сөзден кейін «(ерлі-зайыптылық)» деген сөзбен толықтырылсын;

3) 2-тармақта:

а) тармақшасында «47» деген цифр «48» деген цифрмен ауыстырылсын;

«АІЖК» деген аббревиатура «Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК)» деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшасында:

«46-бабының 4-тармақшасы» деген сөздер мен цифрлар «47-бабының 5-тармағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«азаматтық хал актілерін жазу органдары», «қорғаншы және қамқоршы» деген сөздер тиісінше «азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын аумақтық әділет органы (бұдан әрі - тіркеуші орган)», «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын» деген сөздермен ауыстырылсын;

в) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«в) баланың анасымен некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрған әке баланы өз атына тіркеуден бас тартқан жағдайларда әке болуды анықтау туралы істер соттардың қарауына жатпайды, өйткені Кодекстің 47-бабының 2-тармағына сәйкес, бір-бірімен некеде тұратын (ерлі-зайыпты) адамдардан туған баланың туу тегі ата-анасының некені (ерлі-зайыптылықты) қию туралы куәлігімен расталады, ал туу туралы жазбалар кітабына тіркеу олардың кез келгенінің өтініші бойынша жүргізіледі. Некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) және қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдануға өз келісімін жазбаша нысанда берген адамдар осы әдістерді қолдану нәтижесінде өздері балалы болған жағдайда туу туралы актілер жазбасының кітабына оның ата-аналары болып жазылады (Кодекстің 192-бабының 1, 2-тармақтары).

Мүдделі адам жазбамен келіспеген кезде азаматтық хал актілерін жазу органдарының әке болу жазбасын дұрыс емес деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгіне алады (Кодекстің 51-бабы);

г) тармақшада «51-бабы», «125-бабы» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «52-бабы», «139-бабы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

е) тармақшада «125-бабы» деген сөздер мен цифрлар «139-бабы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

4) 3-тармақта «азаматтық хал актілерін жазу органдарында» деген сөздер «тіркеуші органдарда» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістерімен бірге «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулыға:

1) нормативтік қаулының бүкіл мәтіні бойынша «қамқоршы және қорғаншы органдардан», «қорғаншы және қамқоршы органдар», «қамқоршы және қорғаншы органдардың», «қорғаншы және қамқоршы органның», «қамқоршы және қорғаншы органдарға», «қамқоршы мен қорғаншы органның», «қорғаншы және қамқоршы органға», «Заңдағы», «Заңның» деген сөздер тиісінше «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардан», «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар», «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың», «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның», «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі

функцияларды жүзеге асыратын органдарға», «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның», «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға», «Кодекстегі», «Кодекстің» деген сөздермен ауыстырылсын, «некесін», «некеде», «Неке» деген сөздерден кейін «(ерлі-зайыптылықты)», «(ерлі-зайыптылықта)», (ерлі-зайыптылық) деген сөздермен толықтырылсын;

2) кіріспеде «Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы «Неке және отбасы туралы» Заңы (әрі қарай-Заң)», «жоғарыда аталған заң» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексі (бұдан әрі-Кодекс)», «жоғарыда аталған Кодекстің» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

3) 1-тармақта:

бірінші абзацта «65-бабы 2-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «73-бабының 2-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен, «65-бабы 3-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «73-бабының 3-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен, «66-бабы 1-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «74-бабының 1-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен, «112-бабы 2-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «126-бабының 2-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен, «121-бабы» деген сөздер мен цифрлар «135-бабының 1-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен, «67-бабы 1-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «75-бабының 1-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен, «70-бабы» деген сөздер мен цифрлар «78-бабы» деген сөздермен және цифрлармен, «71-бабы» деген сөздер мен цифрлар «79-бабы» деген сөздермен және цифрлармен, «73-бабы» деген сөздер мен цифрлар «81-бабы» деген сөздермен және цифрлармен, «92, 96-баптары» деген сөздер мен цифрлар «103, 107-баптары» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацта «Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңын» деген сөздер «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-тармақта:

екінші абзацта «65-бабы», «68, 70, 71, 96-баптары» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «73-бабының 3-тармағы», «76-бабының 2-тармағы, 78, 79, 107-баптары» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекет кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі өз функцияларын жергілікті атқарушы органдар арқылы жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы мен олардың аумақтық бөлімшелері мемлекеттік органдардың және ұйымдардың кәмелетке

толмағандарға қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі қызметін үйлестіруді және өзара іс-қимылын ұйымдастыруды жүзеге асырады.»;

5) 3-тармақта «54-бабы» деген сөздер мен цифрлар «62-бабы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

6) 4-тармақта «21-бабы 2-тармағын» деген сөздер мен цифрлар «22-бабының 2-тармағын» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

7) 5-тармақта «60-бабы» деген сөздер мен цифрлар «68-бабы» деген сөздермен және цифрлармен, «54-бабына» деген сөздер мен цифрлар «62-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

8) 6-тармақта «62-бабы 2-тармағы», «66-бабы 1-тармағы», «66-бабы 1-тармағының екінші бөлігі», «54-бабының», «66-бабы 2-тармағы» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «70-бабы 2-тармағы», «74-бабы 1-тармағы», «74-бабы 1-тармағының екінші бөлігі», «62-бабының», «74-бабының 2-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын:

9) 7-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Кодекстің 73-бабының 3-тармағына сәйкес, ата-аналар баладан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша нысанда келісім жасауға құқылы. Егер ата-аналар келісімге келе алмаса, дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда - осы органның және баланың ата-аналарының қатысуымен сот шешеді. Соттар осы жазылғандарды негізге алып, дауды сотқа дейін алдын ала шешудің осы санаттағы істер үшін заңнамамен белгіленген тәртібін талалкердің сақтауға тиіс екенін және осы тәртіпті қолдану ықтималдығының жойылмағанын назарда ұстағандары жөн»;

төртінші абзацта «65-бабының 1-тармағын» деген сөздер мен цифрлар «73-бабының 1-тармағын» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта «65-бабы 4-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «73-бабының 4-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

10) 8-тармақта:

«ҚР АҚ-нің» деген аббревиатура «Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«131-бабында» деген сөздер мен цифрлар «145-бабында» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

11) 9-тармақта «68-бабына» деген сөздер мен цифрлар «76-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

12) 11-тармақта «67-бабында» деген сөздер мен цифрлар «75-бабында» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

13) 12-тармақта «67-71-баптарына», «71-бабы» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «75, 79-баптарына», «79-бабы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

14) 13-тармақта «69-бабы 2-тармағына», «68-бабы 3-бөлігіне», «125, 127-баптарына, 128-баптың 1-тармағына» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «77-бабының 2-тармағына», «76-бабының 3-тармағына», «138-141, 142-баптарына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

15) 14-тармақта «71-бабына» деген сөздер мен цифрлар «79-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

16) 15-тармақта:

«69-бабының 5-тармағы, 100-бабы», «68-бабы 5-тармағына», «69-бабы 1-тармағы» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «77-бабының 5-тармағы, 115-бабы», «76-бабының 5-тармағына», «77-бабының 1-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

үшінші абзацта «азаматтық хал актісін жазатын органға» деген сөздер «азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын аумақтық әділет органына (бұдан әрі—тіркеуші орган)» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта «қаулыларын» деген сөз «актілерін» деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 16-тармақта:

«70-бап 2-бөлігіне», «70-бап 3-бөлігі», «68-бабы 5-бөлігіне» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «78-бабының 2-тармағына», «78-бабының 3-тармағы», «76-бабының 5-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

төртінші абзацта «азаматтық хал актісін жазатын органға» деген сөздер «азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын аумақтық әділет органына (бұдан әрі—тіркеуші орган)» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 17-тармақта «95-бабы» деген сөздер мен цифрлар «106-бабы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

19) 19-тармақта «ҚР АІЖК-нің» деген аббревиатура «Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК)» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістерімен бірге «Соттардың некені бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы» 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулыға:

1) нормативтік қаулының тақырыбында «некені» деген сөзден кейін «(ерлі-зайыптылықты)» деген сөзбен және нормативтік қаулының бүкіл мәтіні бойынша «некені», «некенің», «неке», «некелерін», «некесін» деген сөздерден кейін «(ерлі-зайыптылықты)», «(ерлі-зайыптылықтың)», «(ерлі-зайыптылық)», «(ерлі-зайыптылықты)» деген сөздермен толықтырылсын;

2) кіріспеде «Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының» деген сөздер «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы

туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (бұдан әрі - Кодекс)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-тармақта:

бірінші абзацта «Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 15-бап 1-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 16-бабының 1-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацта «АІЖК-нің» деген аббревиатура «Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК)» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4-тармақта «Заңның 15-бап 2-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 16-бабының 2-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

5) 5-тармақта «заңда» деген сөз «Кодексте» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 6-тармақта «АХАЖ органдарында» деген сөздер «азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын аумақтық әділет органдарында (бұдан әрі – тіркеуші орган)» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) нормативтік қаулының бүкіл мәтіні бойынша «АХАЖ органдарында», «АХАЖ органдарына», «АХАЖ», «АХАЖ органына», «АХАЖ органдары» деген сөздер тиісінше «тіркеуші органдарда», «тіркеуші органдарға», «тіркеуші органның», «тіркеуші органға», «тіркеуші органдар» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 7-тармақ алып тасталсын;

9) 8-тармақта «Заңның 16-бап 2-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 17-бабының 2-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

10) 10-тармақта бүкіл мәтін бойынша «үш» деген сөз «алты» деген сөзбен, «заңда» деген сөз «Кодексте» деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 11-тармақта екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Алайда ортақ кәмелетке толмаған балалары бар ерлі-зайыптылардың арасында некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу жөнінде өзара келісім болса, ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде, сондай-ақ, егер ерлі-зайыптылардың біреуі некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға арыз берсе, ал екіншісі қарсылығының жоқтығына қарамастан өзінің әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарса, сот ажырасудың себептерін анықтамай-ақ некені бұзады. Көрсетілген жағдайларда некені бұзу екі айға дейінгі мерзімде жүргізіледі (АІЖК-нің 174-бабы)»;

12) 13-тармақтың бірінші абзацында:

«Заңның 21-бап 2-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 22-бабының 2-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

«Заңның 20-тарауындағы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 22-тарауындағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

13) 14-тармақта:

бірінші абзацта «Заңның 21-бабы 2 тармағы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 22-бабының 2-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацта «Заңның 32-бабы 1, 2-тармақтары», «Заңның 38-бабына» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «Кодекстің 33-бабының 1 және 2-тармақтары», «Кодекстің 39-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

«АК-нің» деген аббревиатура «Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК)» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 15-тармақта «Заңның 32-36-баптарында» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 33-37-баптарында» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

15) 16-тармақта:

бірінші абзацта «Заңның 37-бабының 3-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 38-бабының 3-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацта «Заңның 34-бабына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 35-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

үшінші абзацта «Заңның 34-бабының 2-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 35-бабының 2-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

16) 17-тармақта:

бірінші абзацта «Заңның 36-37-баптарында» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 37, 38-баптарында» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацта «Заңның 42-бап 2-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 43-бабының екінші тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын, «қолайсыз жағдайда қалдыратын» деген сөздерден кейін «немесе осы некеде (ерлі-зайыптылықта) туылған немесе асырап алынған балалардың мүліктік құқықтарын бұзатын» деген сөздермен толықтырылсын;

17) 18-тармақта «Заңның 21-бабының 3-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 22-бабының 3-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

18) 19-тармақта:

бірінші абзацта «Заңның 36-бабындағы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 37-бабындағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацта «Заңның 36-бап 4-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 37-бабының 4-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

19) 20-тармақта «(Заңның 36-бабының 6-тармағы)» деген сөздер мен цифрлар «(Кодекстің 37-бабының 6-тармағы)» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

20) 21-тармақта «заңның 21-бабына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 22-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

21) 22-тармақта «Заңның 21-бап 2-тармағында» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 22-бабының 2-тармағында» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

22) 25-тармақта:

екінші абзацта «Заңның 24-бабы», «Заңның 25-бабына» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «Кодекстің 25-бабы», «Кодекстің 26-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

үшінші абзацта «Заңның 24-бабының 1-тармағында», «Заңның 9-10 баптары», «Заңның 11-бабы» деген сөздер мен цифрлар тиісінше «Кодекстің 25-бабының 1-тармағында», «Кодекстің 9-10-баптарында», «(Кодекстің 11-бабы)» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

бесінші абзацта «Заңның 13-бабы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 13-бабы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

23) 26-тармақта «Заңның 26-бабының 4-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 27-бабының 4-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

24) 27-тармақта «Заңның 22-бабының 1-тармағына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 23-бабының 1-тармағына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын.

4. «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2000 жылғы 22 желтоқсандағы № 17 нормативтік қаулыда (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 10, 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 14 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге):

1) нормативтік қаулының тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «неке» деген сөзден кейін «(ерлі-зайыптылық)» деген сөзбен толықтырылсын, «қорғаншы және қамқоршы органның», «қорғаншы және қамқоршы орган», «қорғаншы және қамқоршы органға» деген сөздер тиісінше «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның», «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган», «қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Конституциясы, Баланың құқықтары туралы 1989 жылғы 20 қарашадағы конвенция, Балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы 1993 жылғы 29 мамырдағы конвенция, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі - Кодекс), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №380 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 383 Қаулысымен бекітілген Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидалары және оны төлеу мөлшері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 385 Қаулысымен бекітілген Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді аккредиттеу қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 386 Қаулысымен бекітілген Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 387 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы қорытынды беретін комиссия қызметінің қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 388 Қаулысымен бекітілген Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары ұлттық және халықаралық деңгейлерде бала асырап алу туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы болып табылатынына соттардың назары аударылсын.

3) 2-тармақта:

бірінші абзацта «Заңның 77-бабының» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 87-бабының» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацта «Заңның 77-бабының 2-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 88-бабының 1-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

4) 3-тармақта:

екінші абзацта «заң» деген сөз «кодекс» деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші абзацта «Заңның 82-бабының» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 93-бабының» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

5) 4-тармақта «Заңның 175-бабына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 196-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

6) 6-тармақтың екінші абзацында «консулдық мекемелері» деген сөздерден кейін «және Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы» деген сөздермен толықтырылсын, «Заңның 209-бабының 6-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 251-бабының 2-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

7) 6-1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Бала асырап алуға үміткер, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдіктер баламен кемінде төрт апта тікелей қатынаста болуға тиіс. Осы мерзімді олар баланы асырап алу туралы сотқа арыз бергенге дейін сақтауға тиіс»;

екінші абзацта «Шетелдіктің» деген сөздің алдынан «Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматының немесе» деген сөздермен толықтырылсын;

8) 7-тармақтың бірінші абзацында «Заңның 82 және 84-баптары» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 93, 95-баптары» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

9) 9-тармақта:

бірінші абзацта «Заңның 80-бабының 2-тармағы, 81-бабының 1-тармағы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 91-бабының 2-тармағы, 92-бабының 1-тармағы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Бала асырап алушы мен асырап алынушы баланың жас айырмасы кем дегенде 16 жас болуға және ол 45 жастан аспауға тиіс екендігі туралы Кодекстің 91-бабының талаптарын негізге ала отырып, Кодекс себепті деп таныған негіздер бойынша (туыстық қарым-қатынаста болу немесе баланың оны асырап алатын адамға бауыр басып, оны өзінің ата-анасы деп есептеуі және т.б.) жас айырмасын қысқартуға болатындығын соттардың назарда ұстағандары жөн»;

10) 10-тармақта:

бірінші абзацта «Заңның 82-бабы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 93-бабы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацта «Заңның 83-бабы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 94-бабы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте Кодекстің 77-бабының 7-тармағына сәйкес, ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда соттың ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өткен соң бала асырап алуға жол берілетінін назарда ұстау қажет. Ата-ана

құқықтарынан айырылған ата-аналардың біреуінің бала асырап алуына екінші ата-ананың келісімімен жол беріледі.»;

төртінші абзацта «Заңның 82-бабының» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 93-бабының» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

11) 11-тармақтың бірінші абзацында «Заңның 85-бабы» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 96-бабы» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

12) 13-тармақта:

бірінші абзац алып тасталсын;

екінші абзацта «мән-жайлар» деген сөздерден кейін мәтін мынадай редакцияда жазылсын: «бала асырап алу сәтінде қасақана қылмыс жасағаны үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы»;

13) 14-тармақта:

бірінші абзацта «Заңның 89-бабының 1 және 2-тармақтарының» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 100-бабының 1 және 1-тармақтарының» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын, екінші сөйлемде «ата-аналары мен басқа да туыстарына» деген сөздер «туған ата-аналарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта «Заңның 89-бабының» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 100-бабының» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

14) 15-тармақтың екінші абзацында «Заңның 57-бабына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 65-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

15) 16-тармақта:

бірінші абзацта «Заңмен» деген сөз «Кодекспен» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацта:

«Заңның 97-бабына» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 108-бабына» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

«оның ата-аналарының» деген сөздерден кейін «бала асырап алушының жұбайының» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші, төртінші және бесінші абзацтарда «Заңның 95-бабының» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 106-бабының» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта «міндетті түрде» деген сөздерден кейін «бала асырап алушылардың,» деген сөздермен толықтырылсын, «Заңның 96-бабының» деген сөздер мен цифрлар «Кодекстің 107-бабының» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

16) 17-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Кодекстің 103-бабына сәйкес сот бала асырап алуды:

1) асырап алу туралы сот шешімі жалған құжаттар негізінде қабылданған;

2) бала асырап алу Кодекстің 93-бабында көрсетілген адамдардың келісімінсіз жасалған;

3) некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрған адам жұбайының жазбаша келісімінсіз бала асырап алған;

4) Кодекстің 91-бабының 2-тармағында көзделген ереже бұзылған жағдайларда жарамсыз деп таниды.»;

17) 18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Соттың баланы асырап алу туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күннің ішінде осы шешімнің үзінді көшірмесі бала асырап алу туралы шешім шығарылған жердегі тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберілуге тиіс екенін, ал бала асырап алудың күшін жою және бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің үзінді көшірмесі осы мерзімнің ішінде бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберілуге тиіс екенін соттар ескеріп отырулары қажет (Кодекстің 88-бабы және 105-бабының 4-тармағы).».

II. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**



Б.Бекназаров

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**



Д.Нұралин